

Тақырыбы: Отбасы- тәрбиенің ұясы

Қатысқаны: 30

Мақсаты:

Бала тәрбиесіндегі ата- ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру;Отбасы мүшелінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық,достық қарым- қатынасты қалыптастыру;

Көрнекілігі: карточка,дөңгелектер, накыл сөздер,«кірпіш тапсырмасы бар; қағаз қалам.

Күн тәртібіндегі мәселелер.

1.Ата-аналар комитетінің төрайымы мен мүшелерін сайлау.

2. Кіріспе сөз: Ата- ананың басты қуанышы бала

3. Тренинг: шаттық шеңбері (әдіскер)

4. Ата аналармен ойын өткізіледі.(психолог)

5. Қорытынды.

1. Ата-аналар комитетінің төрайымы мен мүшелерін сайлау үшін ата аналардың ұсыныстары тыңдалды.Олардың ұсыныстары қабыл алынды. Күрметті ата аналар, қонақтар!Бүгінгі жиналысты ерекше өткізгім келіп тұр дей келе. Тренинг: Ата аналар ортаға дөңгеленіп тұрып, бүгінгі кездесуден не күтетінін айтады.Содан кейін ата аналар топқа бөлінді..

Ата- ананың басты қуанышы- бала. Ермурат С -Тәрбиеші

Ата- ананың басты- қазығы, алтын тіреу діңгегі- бала. Отбасы тұлғаны дамытатын кішігірім орта.Отбасының қоғамдағы мақсаты; баланы дамытып қана қоймай, оны өмірге дайындап, рухани жағынан жеткізіп, тұлға ретінде қалыптастыру қажет екендігін айтып өтті.. Отбасында баланың жан -жақты қалыптасуына ата- ана мен отбасы мүшелерінің қарым қатынасында махаббат, сүйіспеншілік, адамгершілік, қайырымдылық, әділдік, ұйымшылдық, мәдениеттік қасиеттері және т.б келбетін сақтайтын тұлға тәрбиелеуге керек екендігі бәрімізге аян екендігін айтты..Мына жасампаз ғасырда, жаһандану дәуірінде балабақшада тәрбиеленіп отырған баланың жан- жақты білім алуына ең бірінші ықпал ететін- ұстаз болса, оның сүйеніші ата- ана екендігін атап айтты. Сондықтан ата - ана өз баласының білім алуына барынша жағдай жасау тиіс. Бала тәуліктің бір бөлігінде , яғни 9 сағат балабақшада болса, 15 сағат өз отбасында тәрбие алады деп айтып өтті.

Заялы алақан (тренинг): Шалабаева Д-психолог

Мақсаты: Ата—ананың баласына қаншалықты мейірім, уақыт бөлетінін анықтау, әр кезде уақыт тауып, мейірімділік көрсетуге баулу.

10 ата-ананы балаларымен ортаға шақырамыз. (Ата — аналардың көздері байлаулы өз баласын қолынан танып алу керек)

1. Балаңызды қалай таныдыңыз?

2. Балаңызды тани алмаймын — ау деген қорқыныш болды ма? 3. Балаңызды тани алмаған кезде қандай сезімде болдыңыз?

4. Балаңызды қолынан ұстап танитыныңызға сенімді болдыңыз ба? Байлаулы бала (тренинг):

Бір ата-ана ортаға шықты.. Төмендегідей сұрақтар қойылды.

1. Сіз балаңызбен көл жағасына бардыңыз. Балаңыз суға қызыққаны соншалық суға қарай жүгіріп кетті. Сіз қалай тоқтатасыз? (аяғы байланады) 2. Қарасаңыз балаңыз адамдардың тастап кеткен темекінің тұқылын жинап алып, сонымен ойнап отыр. Сіздің әрекетіңіз? (қолы байланады) 3. Жұмыстан шаршап келсеңіз бала теледидардан атыс-шабыс, бір сөзбен айтқанда өз деңгейіне келмейтін кино көріп отыр. Сіздің әрекетіңіз? (көзі байланады)

4. Балаңыз сізге басқа ұлттың қызын ұнатты. Бірақ сіздің қалауыңыз ол емес еді. Сіздің әрекетіңіз? (кеудесі байланады)

5. Балаңыз досымен келіспей қалды да, жаман сөздермен сыбағасын берді. Сіздің айтар сөзіңіз? (аузы байланады)

Міне, баламыз қандай күйге түсті, құрметті ата-ана. Мұндай күйге түспес үшін баламызға неге болмайтынын, «өйткені» сөзін қолдана отырып түсіндіруіміз керек. Сонда ғана сіз бала тәрбиесінде мақсатыңызға жете аласыз.

4 Ойындар.

А). «Балаңызға деген сүйіспеншілік деген» ойыны өткізіледі. Баланың жан дүниесі - Бұл толып тұрған ыдыс сияқты. Өз балаңыздың қандай болғанын қалайсыз? Қандай қабілеттері болғанын және сіз өзіңізден қандай қасиетті алғанын қалайсыз? Әрқайсыларыңыздың қолдарыңызда жүрек бар. Сол жүректің ішіне өздеріңіздің ойларыңызды жазып, осы ыдыстың ішіне салып қойыңыздар және де жазған сөздеріңізді айтып шығуларыңыз керек. Қорыта айтқанда ата-ананың махаббаты, сүйіспеншілігі бала үшін бақыт, Осы сезімдеріңіз арқылы баланың өз орнын таба білуге үйретесіздер.

Ә). Дидактикалық ойын «Отбасылық махаббат үйі»

Ал енді қазір сіздермен «отбасылық махаббат үйі» атты ойын өткізді. Балаларыңызға деген махаббатты анықтай аласыздар. Әр адамның өз үйі бар, бірақ ол үй тек баспана ғана ретінде емес, сол үй жақсы көріп және күтетін жер болу керек. Сондықтан сіздердің міндеттеріңіз жай ғана армандап жүрген үй салу ғана емес, ал сол жерде тұратын балаларға бақыт, махаббат, жылу, беретін үй салуларыңыз керек. Ол үшін ерекше материал қажет. Әрине даладағы жатқан тақтайлар емес, ал адамның негізгі қасиеттерімен саламыз. Олар: Мейірімділік, күлкі, түсінушілік, шыдамдылық, көмектесу деп атап өтті.

Үстел үстінде кірпіштер жатыр. Соларды алып үй саласыздар, бірақ салғанда жай салмайсыздар, артында тапсырмалар жазылады соны орындай отырып үй құрамыз. Ойлануға бір екі минут беріледі деді.

Ойын тапсырмалары;

1-ші кірпіш «Парасатты» кірпіші

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ №2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 19.01.2026 жыл

Өткізілген орны: «Амина» бөбекжайы

Тақырыбы: «Балабақшада балалар қауіпсіздігін сақтау»

Күн тәртібі:

Қатысқандар-28

1-Балалардың оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жұмыстарының нәтижелері.

2-Балалардың қауіпсіздік ережелерінің талаптарын сақтау.

3-ҚР СанПин нормаларын сақтау.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Ермурат С-Тәрбиеші

Тәрбиеші балалардың оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру барысы туралы айтып өтті. Балалардың күн тәртібін сақтау, оқу іс-әрекеттеріне қатысуы, өзара қарым-қатынасы және балабақшадағы тәртібі туралы ата-аналарға ақпарат берілді. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дамуына жағдай жасау және ата-анамен бірлескен жұмыстың маңыздылығы атап өтілді.

2-мәселе бойынша:

Мейремхан М-Тәрбиеші

Балалардың қауіпсіздігін сақтау мәселесі қарастырылды. Балабақша аумағында және топ ішінде қауіпсіздік ережелерін сақтау, бөгде заттарды ұстамау, терезе, есік, электр құралдарына жақындамау, баспалдақта және ойын алаңында абай болу қажеттілігі түсіндірілді.

Ата-аналарға балаларды балабақшаға әкелу және алып кету кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау, баланы тәрбиешіге жеке тапсыру қажеттілігі ескертілді.

3-мәселе бойынша:

Уямдас А-медсестра

Балабақшада санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау туралы айтылды. Топ бөлмелерінің тазалығы, бөлмені желдету, балалардың жеке бас гигиенасы, қол жуу, ойыншықтардың тазалығы және күнделікті санитариялық тәртіптің сақталуы түсіндірілді. Ата-аналарға баланың денсаулығына қатысты өзгерістер байқалған жағдайда тәрбиешіге уақытылы хабарлау қажеттігі ескертілді.

Сөз сөйледі: Кадирхан Лашын-ата-ана

Ата-аналар балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау бойынша қойылған талаптарды қолдайтындарын білдіріп, балабақша мен ата-ана арасындағы өзара байланысты күшейту қажеттігін атап өтті.

Қаулы:

Балалардың оқу-тәрбие процесіне қатысуы мен күн тәртібін сақтау бойынша ата-аналармен бірлескен жұмыстар жалғастырылсын.

Балалардың балабақшадағы және үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтауына ата-аналар

тарапынан бақылау күшейтілсін.


Балабақшада санитариялық-гигиеналық талаптар мен ҚР санитариялық нормаларының сақталуы қамтамасыз етілсін.

Баланың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қатысты мәселелер бойынша ата-ана мен тәрбиеші арасында тұрақты байланыс орнатылсын.

Қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы: Азденбаев Р.К

Хатшы: Өмірбек А



АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ №3 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 25.05.2026 жыл

Өткізілген орны: «Амина» бөбекжайы

Тақырыбы:

«Ата-аналармен жылдық қорытынды»

Күн тәртібі:

Қатысқандар-29

Ата-ана мен бала арасындағы көпір.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг нәтижелері.

Балалардың әлеуметтік коммуникацияның алғашқы дағдыларын дамытуда балабақшаның маңызы.

Қазақ тілін дамыту.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша: Өмірбек А-Тәрбиеші

Тәрбиеші ата-ана мен бала арасындағы тығыз қарым-қатынастың бала тәрбиесіндегі маңызына тоқталды. Баланың өзін еркін сезінуі, ата-анасына сенім артуы, өз ойын ашық жеткізе білуі үшін отбасындағы қолайлы психологиялық ортаның маңыздылығы айтылды. Ата-аналарға балаларымен күнделікті сөйлесу, бірге уақыт өткізу, баланың пікірін тыңдау және қолдау көрсету бойынша ұсыныстар берілді.

2-мәселе бойынша: Жұмабай С.С -Әдіскер

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша оқу жылы ішінде жүргізілген мониторинг нәтижелері таныстырылды. Балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалдық және физикалық даму бағыттары бойынша жетістіктері атап өтілді. Балалардың оқу жылы барысында алған дағдылары мен білімдері талданып, алдағы уақытта дамыту қажет бағыттар бойынша ата-аналарға ұсыныстар берілді.

3-мәселе бойынша: Мейремхан М-Тәрбиеші

Балалардың әлеуметтік коммуникацияның алғашқы дағдыларын қалыптастыруда балабақшаның маңызы туралы айтылды. Балалардың құрдастарымен қарым-қатынас жасауы, өз ойын жеткізуі, бір-бірін тыңдауы, сұрақтарға жауап беруі және ортақ ойындарға қатысуы қарастырылды. Сонымен қатар қазақ тілін дамытуға ерекше көңіл бөлу қажеттігі айтылды. Баламен күнделікті қазақ тілінде сөйлесу, ертегі оқу, тақпақ жаттау, сұрақ-жауап арқылы сөздік қорын молайту ұсынылды.

Сөз сөйледі: Ким Б.А-ата-ана

Ата-аналар оқу жылының қорытындысы бойынша балалардың жетістіктерімен танысып, тәрбиешіге жүргізілген жұмыстары үшін алғыстарын білдірді. Балалардың қазақ тілін меңгеруіне және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға үй жағдайында да қолдау көрсетуге дайын екендіктерін айтты.

Қаулы:

Ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту жұмыстары жалғастырылсын. Мониторинг нәтижелеріне сәйкес балалардың жеке даму бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Балалардың әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстар жүйелі

Қағазды екі қатарға бөліп ата аналардың плюс және минус жағын үш сөз арқылы жеткізу, жазу, айту.

2-ші кірпіш «Достық» кірпіші

3-ші кірпіш «Махаббат» кірпіші

Мимика жест арқылы өзіңіздің балаға деген махаббатыңызды жеткізесіз 4-ші кірпіш «Тапқырлық» кірпіші

Балабақша сөзінің әрбір әрпінен балаңыздың мінезін сипаттаңыз. 5-ші кірпіш «Түсінушілік» кірпіші

«Үй» деген сөзді қалай түсінесіз?

Мысалы: менің қорғанысым, күтетін жер, отбасылық ұйытқысы Сурет арқылы баланың мінезін анықтау. Бұл төбесі - жақсы көңіл күй екенін білдіреді. Тапсырма: бір минут ішінде дөңгелек ішіне баланың бақытты көңіл күйін салу керекпіз және жапсыру. Үйіміз дайын.

Менің ойымша отбасы- бұл махаббат үйі, ал бала -бақыт.

Сондықтан ата ана махаббаты балаңыздың өмірге деген күштарлығын, жолын ашады.

5.Қорытынды.

Азденбаева Р.К - менгеруші

Халқымыз «Үяда не көрсең, соны ілерсің» дейді. Бала әрқашанда ата анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ата ананы өмірдің тірегі санайды.

Ата ананың тіршілігіндегі көрген қызығы, жақсылығының ең бағалысы перзенті. Баланың бойында туған үйдің жылуы оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде болады. Отбасы бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін әсері мол. Қатысып ой бөліскендеріңіз үшін рахмет!

Шешімі:

Ата-аналар комитетінң төрайымы болып- **Даулетбекова А**

Ата-аналар комитетінің мүшелері болып- **Абсалямов Ж**

Ата-аналар комитетінің мүшелері болып- **Мұрат Ә**

Жиналыс төрайымы: Азденбаева Р.К

Жиналыс хатшысы: Мейремхан М

